| партия «Адилет» | | Детская школа искусств имени М.Тулебаева, с.Аса, ул. Абая №124, вместимость: 250 мест, 11.00 час.<br><br>Средняя школа Еңбек, с.Еңбек, ул. Школьная №1, вместимость: 100 мест, 10.00 час. | Сельский клуб Каракемер, с.Каракемер, ул. Б.Сабаева, №2, вместимость: 90 мест, 11.00 час. | | | | |
| партия «Ауыл» | | | | | | | |
| партия «Ак жол» | | | | | Районный дом культуры, с.Аса, ул. Абая №102, вместимость: 300 мест, 9.00 час. | | |
| НПК | | | | | | Средняя школа №2, с.Кумтиын, ул. С.Смаилулы №1Г, вместимость: 30 мест, 11.00 час. | |
| ОСДП | | | | | Детская школа искусств имени М.Тулебаева, с.Аса, ул. Абая №124, вместимость: 250 мест, 12.30 час. | | |
| партия «Байтак» | | | | | | Сельский клуб Бесағаш, с.Бесағаш, ул. Бейбитшилик №41, вместимость: 80 мест, 11.00 час. | Начальная школа Капал, с.Капал, ул. Т. Рыскулова №22, вместимость: 60 человек, 10.00 час.<br><br>Средняя школа имени А.Исмаилова, с.Ш.Ниязбекова, ул.Жантели №25, вместимость: 120 человек, 11.00 час. |
| партия «Республика» | | | | | | | |

| Наименование политической партии | Выборы в Курултай РК, август: 3 понедельник | 4 вторник | 5 среда | 6 четверг | 7 пятница |
|---|---|---|---|---|---|
| партия «Адилет» | Районный дом культуры, с.Аса, ул.Абая, №102, вместимость: 300 мест, 9.00 час.<br><br>Средняя школа №2, с.Шокай, ул.С.Смаилулы №2, вместимость: 50 мест, 11.00 час. | Сельский дом культуры Айшабиби, с.Айшабиби, ул.Жибек Жолы №114А, вместимость: 250 мест, 11.00 час. | Опорная школа имени А.Тарази, с.Тастобе, ул.Таркаевой №6, вместимость: 120 мест, 10.00 час. | Сельский клуб Бесагаш, с.Бесагаш, ул.Бейбитшилик №41, вместимость: 80 мест, 10.00 час. | Начальная школа Рахат, с.Рахат, ул.С.Айдарова №10, вместимость: 50 мест, 10.00 час. |
| партия «Ауыл» | Районный дом культуры, с.Аса, ул.Абая №102, вместимость: 300 мест, 12:00 час.<br><br>Сельский клуб Каракемер, с.Каракемер, ул.Б.Сабаева №2, вместимость: 120 человек, 9.00 час. | Средняя школа Енбек, с.Енбек, ул.Мектеп №1, вместимость: 100 мест, 11.00 час. | Сельский клуб Бесагаш, с.Бесагаш, ул.Бейбитшилик №41, вместимость: 80 человек, 10.00 час.<br><br>Сельский дом культуры Гродеково, с.Гродеково, ул.Ак жол №88В, вместимость: 300 мест, 11.00 час.<br><br>Средняя школа имени Ауэзова, с.Жасоркен, ул.А.Жанболатова №10, вместимость: 120 мест, 12.00 час. | Средняя школа имени Кейкиева, с.Ерназар, ул.Абдикаима №52, вместимость: 120 человек, 10.00 час.<br><br>Сельский дом культуры Орнек, с.Орнек, ул.Б.Абилулы №30, вместимость: 120 мест, 11.00 час.<br><br>Сельский дом культуры Айшабиби, с.Айшабиби, ул.Жибек Жолы №114А, вместимость: 250 мест, 12.30 час. | Детская школа искусств имени М.Толебаева, с.Аса, ул.Абая №124, вместимость: 250 мест, 10.00 час.<br><br>Средняя школа имени К.Сартбаева, с.Ащыбулак, ул.Жамбыла №19, вместимость: 120 человек, 11.00 час.<br><br>Опорная школа имени А.Тарази, с.Тастобе, ул.Таркаевой №6, вместимость: 120 мест, 12.00 час. |
| партия «Ак жол» | | | | | |
| НПК | | Сельский клуб Каракемер, с.Каракемер, ул.Б.Сабаева №2, вместимость: 90 мест, 11.00 час.<br><br>Сельский дом культуры Айшабиби, с.Айшабиби, ул.Жибек Жолы №114А, вместимость: 250 человек, 12.30 час. | Средняя школа Бирлесу-Енбек, с.Бирлесу-Енбек, ул.Абая №84, вместимость: 120 мест, 11.00 час. | | |
| ОСДП | | | | | |
| партия «Байтак» | | Начальная школа Костобе, с.Костобе, ул.О.Турсынбаева №23, вместимость: 40 человек, 11.00 час. | | Средняя школа Бирлесу-Енбек, с.Бирлесу-Енбек, ул.Абая №84, вместимость: 120 мест, 11.00 час. | |
| партия «Республика» | | | | | |

| Наименование политической партии | Выборы в Курултай РК, август: 10 понедельник | 11 вторник | 12 среда | 13 четверг | 14 пятница | 17 понедельник | 18 вторник |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| партия «Адилет» | Сельский дом культуры Гродеково, с.Гродеково, ул.Ак жол №88В, вместимость: 300 мест, 10.00 час. | Средняя школа Жасоркен, с.Жасоркен, ул.А.Жанболатова №10, вместимость: 120 мест, 11.00 час. | Средняя школа №5, Шайдана, ул.Копберген №1Б, вместимость: 100 мест, 11.00 час. | Сельский дом культуры Айшаби, с.Айшабиби, ул.Жибек Жолы №114А, вместимость: 250 мест, 11.00 час. | Средняя школа №4, с.Кызылдихан, ул.Абая №1 | | |
| партия «Ауыл» | | | | | | | |
| партия «Ак жол» | Районный дом культуры, с.Аса, ул.Абая №102, вместимость: 300 мест, 11.00 час. | | | | | | |
| НПК | Средняя школа имени Жамбыла, с.Жамбыл, ул.Актобе №2Г, вместимость: 120 мест, 11.00 час. | | | | Сельский клуб Каракемер, с.Каракемер, ул.Б.Сабаева №2, вместимость: 90 мест, 11.00 час. | | |
| ОСДП | | | | | | | |
| партия «Байтак» | | | | | | | |
| партия «Республика» | | | | | | | Районный дом культуры, с.Аса, ул.Абая №102, вместимость: 250 мест, 10.30 час.<br><br>Здание школы искусств имени М.Тулебаева, с.Аса, ул.Абая №124, вместимость: 250 мест, 12.00 час. |

№57 (6595)
21 шілде 2026 жыл

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті
shugyla.raduga_newspaper
www.asaaqparat.kz

ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

# Рухани беріктіктің тұрағы

**Қай заманда болмасын, адам баласы жүрекке тыныштық, жанға сенім іздеген. Өмірдің түрлі сынақтары мен қайшылықтары алдында шайқалмай тұру үшін адамға ішкі тірек қажет. Осы тірек – дін. Нағыз дін – тек қана сенім емес, сонымен қатар батылдықтың, рухани беріктіктің тұрағы.**



Көп жағдайда дінді әлсіздікпен байланыстырып жатады: «қиындықтан қашқан адам ғана дінге жүгінеді», – дейді кейбіреулер. Бірақ шын мәнінде, дін – адамның ішкі жан дүниесін тазартып, жүрегін бекем ететін күш. Қиындық келгенде жаны құлазымай, сабыр сақтап, үмітін үзбей күресе білетін адам – мықты адам. Осындай күшті дін береді. Исламда айтылғандай: «Алла ешкімге шамасынан тыс ауыртпалық жүктемейді» (Бақара сүресі, 286-аят). Бұл – әр адамда өзінің көтеретін жүгіне жететін қуат бар деген сенім. Қорқыныш – адам табиғатына тән. Болашаққа сенімсіздік, жоғалтып алудан қорқу, жалғыз қалудан үрейлену – осының бәрі адамды әлсіретеді. Бірақ шынайы сенім жүрекке тыныштық береді.

Дін адамға: «Сен жалғыз емессің. Сенің арқасүйер Иең бар» дейді. Мұндай сенім адамның батылдығын арттырып, өмірдің кез келген кезеңінде нық қадам жасауға себеп болады. Дін тек құлшылық пен дұға ғана емес. Ол – әрекет. Шынайы сенім иесі – адал, әділ, жауапты адам. Ол қашан да шындықты айтуға, әділдікке қолдау көрсетуге, әлсізді қорғауға дайын болады. Мұндай қасиеттер тек батыл жүректе болады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) ең ауыр жағдайда да шындықты айтудан, әділеттілікті сақтаудан тайынбаған. Бұл – нағыз батырлықтың белгісі. Адамның таңдаудағы еркіндігі мен жауапкершілігі батылдықпен тығыз байланысты. Ислам сенім негіздерінде Жаратушы алдында адамның жауапты болуы не болмауы екі тұрғыдан қарастырылады.

Біріншісі, адамның қалауымен, яғни ықтиярымен, екіншісі, адамның қалауынан тыс болатын әрекеттер. Егер адамда таңдау мен қалау еркі болмаған жағдайда, ол жауапқа тартылмас еді. Ислам ғұламаларының баяндауы бойынша, адам тек таңдау мен қалау еркіне ие, ал оның қалауына қатысты істі жарату – Аллаһтың құзіретінде. Яғни адамның жасамақ болған ісі Аллаһ Тағаланың құдіретімен жаратылады. Сөйтіп, адамның өз ерік-жігерімен, қалауымен жасаған әрбір ісі үшін жауапқа тартылады.

Бұған мына аяттарды дәлел ретінде келтіруге болады: Саффат сүресінің 96-аятында: «Аллаһ сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты». Бұл аяттың мағынасын Жарир әт Табари: Аллаһ Тағала Ибрахим пайғамбардың қауымына айтқан сөзін хабарлап жатыр. Ол: Ей қауым, Аллаһ сендерді, сендердің жасап жатқандарыңды да жаратты.

«Сендердің жасап жатқандарыңды» деген сөзді екі қырынан талдауға болады: Біріншісі, «Аллаһ сендерді, сендердің амалдарыңды жаратты» деген мағына.

Екіншісі, «Аллаһ сендерді және сендер одан жасап жатқан нәрселерді де жаратты» мағынасы. Яғни, «сендер одан пұт жасайтын нәрселерді» деп жатыр. Ол нәрселер: ағаш, мыс және одан пұт ойылып жасалатын нәрселер.

Соңғы мағынаға «Сендердің қолдарыңмен жасалған нәрселер» дегенді жеткізген. Енді ислам сенім негіздеріндегі қағидаларға жүгінсек: Әбу Ханифа былай дейді: «Пенденің өзі де, істері де, куәлік беруі мен Аллаһты тануы да жаратылған нәрселер екендігіне иман келтіреміз. Егер адамның өзі жаратылған мақұлық болса, онда істерінің де жаратылған нәрселер екендігі (оның табиғатына) әлдеқайда лайығырақ. Әбу Жағфар әт-Тахауи: «Пенделердің іс әрекеттері – Аллаһтың жаратылысы және пенделердің тапқан нәрсесі». Яғни, істерді Құдай Тағала жаратқан. Олардың жақсысын не жаманын пенде таңдайды да, Аллаһтың қалауымен іске асырады».

Адамның таңдаудағы еркіндігі мен істері төңірегінде адасқан ағымдар да пайда болған. Солардың бірі «Жәбрия» деген ағым. «Жәбр» сөзінің мағынасы араб тілінде «мәжбүрлеу, зорлау» деген ұғымға саяды. Олардың түсінігі бойынша, кез-келген нәрсе Аллаһтың қалауымен жүзеге асады, іс-әрекетте пенденің ешқандай рөлі жоқ. Пенде пешенесіне жазылғанды ғана көреді деді. Батыс ғалымдары бұл ағымға «фатализм» деген ат берді.

Демек, олардың басты сенімі төмендегідей болып шығады: адам маңдайына жазылғанды көреді. Бір істі істеуде ешқандай таңдау еркіндігі, күш қуаты рөл атқармайды, тек мәжбүрлі түрде істейді. Аллаһ тағала күллі дүниені жаратушы Ұлы құдірет иесі. Сол себепті Аллаһтан басқа ешкім ештеңені өзгерте алмақ емес. Жәбрия мәзһабын ұстанушылар өздерінің жолын дұрыс деп көрсету үшін Құранның кейбір аяттарын алға тартады әрі соны ұстанады: Әнғам сүресінің 35-аятында: «Егер Аллаһ қаласа, оларды туралыққа жинар еді. Ендеше сен нададардан болма». Бақара сүресінің 7-аятында: «Аллаһ олардың жүректеріне, құлақтарына мөр басқан, әрі көздерінде перде бар. Оларға үлкен азап бар».

Бұл аяттан шығатын ұғым: Аллаһ қаласа пенде дұрыс жолда, қаламаса тозақтық болады деген сөз. Сонымен қатар бір хадисті дәлел ретінде келтіреді: «Мәңгілік бақытқа жететін кісі анасының жатырында жатқанда мүмін болады деп жазылады. Жаман адам да анасының жатырында жатқанда жаман адам болады деп жазылады» (Муслим, Қадар 1; Ибн Мәжә, Мукаддима 7). Негізінде тағдырға бұлай сену – адасушылық. Тағдырға иман етеміз, бірақ тағдырымызға жазылып қойғандықтан іс-әрекетімізді мәжбүрлікпен, ықтиярсыз істемейміз.

Аллаһ әуелде шексіз ілімімен біздің не істейтінімізді білгендіктен тағдырымызға солай жазған. Аллаһ пендесін құлтемір (робот) секілді амал ету үшін жаратқан жоқ. Пендесіне жақсы мен жаманды таңдау еркіндігін берді. Сол ерік қалауымен жасаған іс-әрекеттер үшін ақыретте жауап береді.

Бүгінгі қоғамға сенімі нық, жүрегі таза, батыл жандар қажет. Дін – сол батылдықтың негізі. Жан дүниесі тыныш, жүрегі бекем адам ғана қоғамға пайда әкеледі. Сондықтан дінді әлсіздік деп емес, керісінше рухани күш пен батылдықтың қайнары деп қабылдайық. «Дін сөзі адамның күйін, хәлін білдіретін мағынаға ие болды. Көпшілік тіл мамандары Құран аяттарымен, араб өлеңдерімен мысалдап түсіндірген.

Ендеше «дін» ұғымын терминдік, этимологиялық, лексикалық, грамматикалық, семантикалық деңгейде қарастырып, бірнеше мағынасын айқындадық. Ислам дінінің мақсатына тоқталып, басты мақсаттарын Құран аяттарымен қуаттап, тәпсір ғалымдарының еңбектеріне жүгіндік. Жалпы Исламның бірінші мақсатын айта кетсек, Аллаһ Тағаланың өзінің бар, бір, жалғыз екенін ғаламға паш етуі. Жүз жиырма төрт мың пайғамбар жіберіп, олардың мақсаты тек Аллаһты біреу болған. Құранда «Жын мен адамзатты тек өзіме құлшылық үшін жараттым» деген аят бойынша, кейбір ғалымдар «мені танып білулері үшін жараттым» деген мағына берген.

Бүкіл жаратылыс Аллаһтың бар, бір екеніне дәлел бола алады. Құранда ойлануға, іздenуге адамзат баласын жиі ескерткен аяттар көп кездеседі. Көптеген мысалдар келтірілген. Ол мысалдар арқылы адам баласы зерттесін, ізденсін деген сипатта екенін ғалымдар алға тартады. Кезінде Әбу Насыр әл-Фараби Аллаһтың бар екендігіне бірнеше тұжырымдар келтірген еді.

Исламның екінші мақсаты жын мен адамзаттың жаратылу мақсатын білдіруі. Ғалымдардың айтуынша, жын сөзінің аятта бірінші айтылуы, адамнан бірінші жаратылуы болса керек екенін жорамалдап айтады. Бұл бөлімде бірнеше танымал тәпсір кітаптарынан дерек келтірдік. Басқа қырынан да қарастырып, зерттедік. Ибн Аббастың қырағатында келгендей, бұл аят мұсылмандарға қатысты айтылғандығын ғалымдар алға тартады.

Исламның үшінші мақсаты жер бетінде тәртіп, әділдік орнатуы. Жер бетінде жасанды заңдар күн сайын өзгеруде. Себебі адамдардың талаптарына, мүдделеріне уақыт өткен сайын сай келмей қалуында. Адам баласы әлсіз жаратылғаны да Құранда баяндалған. Құранның сақталатын да Аллаһ Тағала баяндап көрсеткен аяттарында. Шариғат заңдары әмбебап, қоғамның барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын, реттеуші күшке ие екендігін Пайғамбар (с.ғ.с.) уақытында дәлелденген болатын. Дінде зорлық жоқ екендігінің басқа қырынан, яғни психологиялық, физикалық тұрғыдан да аяттармен дәлелденді.

Алланың сөзі Қасиетті Құранда келесідей ескертілген. Алла – мейірімді, қайырымды, рахымды, әділетті. Өзінің пенделерін ерекше жақсы көреді. Пенделерім дұрыс жолмен жүрсін деп Құран кітап түсіріп, жер бетіне Пайғамбарларын жіберді. Жаратушының жіберген сөзін ұғып, имандылықтың жолымен жүрген пенде бақытын табушы. Алла ондай пендесіне барлық жақсылық пен ізгілікті үйіп төгіп береді. Қаласа, сүйген пендесіне шексіз тосын сыйларды тарту етеді. Біз дін қызметкерлері де Алланың қалауымен адамдарға ізгілік жолын түсіндірушілерміз.

**Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,**
**аудандық «Бәйдібек» мешітінің бас имамы.**

БІР АУЫЗ СӨЗ

# Оқырман ұлт – ойлы ұлт

**Қай дәуірде болмасын, қоғамның даму деңгейін өлшейтін өлшемдердің бірі – кітап оқу мәдениеті. Ақпарат ағыны тасқындаған бүгінгі цифрлық ғасырда кітаптың орнын смартфон мен әлеуметтік желі басқандай көрінеді. Бірақ рухани мәдениеті биік, ойы терең ұлт ешқашан кітаптан бас тартпайды. Елімізде соңғы жылдары кітап оқу мәдениеті қайта жаңғырып келеді.**

**Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ**

Белгілі жазушы Смағұл Елубай айтқандай: «Кітап оқу – рухани тәуелсіздіктің кепілі. Оқымаған ұлтты алдау оңай. Себебі ол ақпаратты талдай алмайды». Бұл сөз – бүгінгі қоғам үшін бұрынғыдан да өзекті. Ақпарат ағыны тасқындаған заманда кітап – ойдың сүзгісі, ал оқу мәдениеті – ұлттық иммунитеттің рухани формуласы. Кітап адамды терең ойлауға, пайымдауға, сұрақ қоюға үйретеді. Сұрақ қоя білетін ұрпақ ешқашан адаспайды. Технология жылдам дамып, әлеуметтік желі қысқа мәтіндер мен үстірт ақпаратқа үйретіп барады. Мұндай кезде кітап оқу тек білім көзі емес, сананы тазартатын, жүректі тәрбиелейтін құрал.

Кітап оқуға деген қызығушылық ең алдымен мектептен басталуы тиіс. Себебі кітап – баланың дүниетанымын кеңейтетін, ойлау қабілетін қалыптастыратын ең сенімді ұстаз. Орта мектептерде, жоғары оқу орындарында, тіпті отбасында да кітап оқу мәдениетін қайта жандандыру – ең басты міндеттердің бірі. Өйткені оқырман ұлт – ойлы ұлт. Сол ойлы ұлт қана өз жолын, өз болашағын айқын белгілей алады.



Бүгінгі оқырман – гаджет дәуірінің өкілі. Телефон мен планшет күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған заманда кітап оқу да жаңа форматқа көшті. Соған сәйкес елімізде электронды және аудиокітап нарығы айтарлықтай дамып келеді. Қазақ тіліндегі әдеби контентті қолжетімді ету бағытында «Kitap.kz», «Qazkitap», «Әдебиет порталы» сияқты платформалар ерекше рөл атқарып отыр. Бұл сайттарда көркем әдебиеттен бастап, балаларға арналған шығармалар мен ғылыми еңбектерге дейін мыңдаған кітапты тегін оқуға мүмкіндік бар. Шынтуайтында, технологияның дамуы кітапты ығыстырған жоқ, керісінше, оны жаңа өмірге алып келді.

Кітап оқуға ынта арттыру, қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту – рухани тәуелсіздіктің басты кепілі. Өйткені кітапты қадірлеген ел ғана өз рухын жоғалтпайды.

ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!

# БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

**2009 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы ауылдық жерлерге мамандар тартудың негізгі тетігі саналады. Бағдарламаның мақсаты – тек бос жұмыс орындарын толтыру емес, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп салаларындағы кадрларды ауылда тұрақтандыру.**




Ағымдағы жылы бағдарлама қатысушыларына 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде бірреттік көтерме жәрдемақы және 15 жылға дейін 1 пайыздық мөлшерлемемен жеңілдетілген тұрғын үй несиесі ұсынылады. Аудан орталықтарында несие көлемі 2500 АЕК-ке дейін (шамамен 10,8 млн теңге), ал өзге ауылдарда 2000 АЕК-ке дейін (8,6 млн теңге) қарастырылған. Негізгі талап – ауылда кемінде үш жыл жұмыс істеу. Бағдарлама іске қосылғалы бері көптеген жас маман көтерме жәрдемақы алған. Баспана алу үшін бюджеттік несие рәсімдеген.

«Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына кімдер қатыса алады деген сұрақ көп адамды қызықтырады. Қатысуға құқылы адамдар – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, агроөнеркәсіп, спорт саласында жұмыс істейтіндер. Сонымен бірге ауылдық округ әкімдері аппаратында істейтін қызметкерлер де қатыса алады.

Бағдарламаға қатысқан адамның бірінші алатыны – көтерме жәрдемақы. Ол 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде бір рет беріледі. Көп адам үшін бұл – алғашқы қадамдағы қаржылай демеу. Жас маман ауылға барып, жаңа орынға үйреніп жатқанда бұл қолдау үлкен көмек болады.

Екінші ең маңызды мүмкіндік – тұрғын үйге жеңілдетілген несие. Бұрын мұндай шарт болмаған. Әдетте ауылда үй алу немесе салу қиын болатын. Енді жас маман үйді 1 пайыздық мөлшерлememен ала алады. Жылдық тиімді мөлшерлеме де дәл осы 1 пайыз деңгейінде. Бұл – өте сирек кездесетін жағдай. Несие сомасы елді мекенге байланысты 2500 айлық есептік көрсеткішке дейін жетеді. Қайтару мерзімі 15 жылға дейін созылады. Осы уақыт ішінде адам әрі жұмыс істеп, әрі өзінің өмірін тұрақтандырып алады.

Негізгі талаптар анық қойылған. Адамның техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білімі болуы керек. Несие алған маман кемінде 3 жыл ауылда өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге міндеттеледі. Бұрын алынған несие бойынша кешіктірілген берешек болмауы керек. Өтінім беру тәртібі де жеңілдетілген. Алдымен жас маман ауылдық жерден бос жұмыс орнын табуы керек немесе әкімдікке баруы қажет. Бос орын табылғаннан кейін «Baspana Market» деген платформаға тіркеледі. Сол жерде онлайн өтінім береді. Барлық құжатқа электронды қолтаңба арқылы қол қоюға болады.

Бұл бағдарлама туралы жұрт арасында жақсы пікір қалыптасып жатыр. Көп адам «жас маманға үй алуға осындай жағдай жасалуы – мемлекет тарапынан нақты қолдау» деп айтып жүр. Басқалары «ауылда маман жетіспейді, жастар келсе ауылдың дамуына жаңа серпін береді» деп пікір білдіреді. Кейбір жас мамандар «мұндай мүмкіндік бұрын болмаған, 1 пайыздық несие арман сияқты» деп қуанып жүр.

**Қарлығаш БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,**
**ауданы әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы.**

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

**Қазіргі қоғамды әлеуметтік желісіз елестету қиын. Смартфон мен интернет күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып, әсіресе, жастардың уақытын көп алатын құралдардың біріне айналды. Бүгінде көптеген жасөспірімдер таңертең көзін ашқан сәттен бастап, түнде ұйықтар алдында да әлеуметтік желіні парақтауды әдетке айналдырған.**

# ЭКРАН АРТЫНДАҒЫ ӨМІР

**Шұғыла АҚШАБАЙ**

Соңғы жылдары TikTok, Instagram және басқа да платформаларға тәуелділік мәселесі жиі көтерілуде. Мамандардың айтуынша, әлеуметтік желіні шектен тыс пайдалану адамның психологиялық жағдайына, қарым-қатынасына және уақытты тиімді пайдалануына кері әсер етуі мүмкін. Бұл ретте, жасөспірімдер арасында өзгенің өмірімен өзін салыстыру, виртуалды беделге ұмтылу, лайк пен қаралымға тәуелді болу секілді құбылыстар белең алып келеді.

Қазіргі таңда жастардың басым бөлігі телефонға телміріп отыру арқылы бос уақытын тиімсіз өткізеді. Соның салдарынан кітап оқу, спортпен айналысу, отбасымен және достарымен тікелей қарым-қатынас жасау секілді маңызды дағдылар кейінгі орынға ысырылып бара жатқандай. Тіпті бір дастархан басында отырған адамдардың өзара әңгімелесудің орнына телефонға үңіліп отыруы қалыпты көрініске айналды.

Әлеуметтік желінің тағы бір қыры – танымалдыққа ұмтылу. Қысқа уақытта көпшілікке танылуды көздеген жастар түрлі трендтер мен челленджерге қатысып жатады. Алайда олардың барлығы бірдей қауіпсіз немесе пайдалы бола бермейді. Кей жағдайда бұл әрекеттер денсаулыққа, психологиялық жай-күйге немесе жеке қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін.

Дегенмен әлеуметтік желінің пайдалы тұстарын да жоққа шығаруға болмайды. Бүгінде көптеген жастар интернет арқылы жаңа мамандықтарды меңгеріп, шет тілдерін үйреніп, білімін жетілдіруде. Кейбірі блог жүргізіп, бейнебаяндар түсіріп, онлайн қызмет көрсетіп немесе өз кәсібін дамытып, табыс тауып жүр. Яғни әлеуметтік желі – тек ойын-сауық алаңы ғана емес, білім мен мүмкіндік кеңістігі.

Сондықтан мәселе әлеуметтік желінің өзінде емес, оны пайдалану мәдениетінде. Виртуалды әлемнің мүмкіндігін тиімді пайдаланып, шынайы өмірдегі қарым-қатынас, білім алу және өзін-өзі дамыту арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу – бүгінгі жастардың алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Экранның ар жағындағы өмір қызықты көрінгенімен, адам үшін ең құндысы – шынайы өмірдегі жетістік, білім, отбасы мен достық. Жастар болашақ виртуалды әлемде емес, нақты өмірде қалыптасатынын қаперге алғаны абзал.



ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

**Жастар – мемлекеттің стратегиялық ресурсы, қоғамның қозғаушы күші және ел болашағының берік негізі. Сондықтан жас ұрпақтың сапалы білім алып, саналы тәрбие көруіне, еңбекке бейімделіп, азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.**



Бүгінде елімізде жастардың жан-жақты дамуына кең мүмкіндік жасалып келеді. Мемлекеттік білім беру гранттары, тұрғын үй және жұмыспен қамту бағдарламалары, кәсіпкерлікті қолдау жобалары, жастар тәжірибесі, еріктілер қозғалысы мен түрлі әлеуметтік бастамалар олардың өз қабілетін шыңдап, қоғам өміріне белсенді араласуына жол ашуда. Бұл бастамалар жастардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуына мүмкіндік береді.

Ауданымыздың жастары да қоғамдық өмірдің бел ортасында жүр. Олар білім, ғылым, спорт, мәдениет және шығармашылық салаларында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, түрлі деңгейдегі байқаулар мен жарыстарда туған өлкеміздің мерейін үстем етіп келеді. Сонымен қатар қайырымдылық акциялары мен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, еріктілік қызмет арқылы елге қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетуде.

Жастар тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, елдік мұрат пен жауапкершілік сезімін нығайту – баршамызға ортақ міндет. Өйткені ұлттық рухы биік, білімді әрі бәсекеге қабілетті жас буын ғана мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағын қамтамасыз ете алады.

Жастарға қолдау көрсету – келешекке салынған инвестиция. Сондықтан олардың тың бастамалары мен игі жобаларына қолдау білдіру, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасау – уақыт талабынан туындаған маңызды міндет.

Елдің ертеңі – білімді, еңбекқор, отаншыл әрі белсенді жастардың қолында. Әрбір жастың жетістігі – мемлекетіміздің мерейі мен елдігіміздің айғағы. Сондықтан жас ұрпақтың талаптілегін қолдап, олардың қабілет-қарымын шыңдауға қолайлы жағдай жасау – қоғам мен мемлекеттің ортақ парызы.

Халқымыз «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Рухы асқақ, ойы сергек, танымы терең, елдік мұратқа адал жастар – мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы. Ендеше, келер күннің кемел келбеті бүгінгі жас ұрпақтың парасаты мен пайымына, қайраты мен қажырына тікелей байланысты.

**Жақсылық ГАУҺАРБЕК,**
**аудандық «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы.**

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

# *ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ*

**Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежеп, қоғам өміріне әділетсіздік дәнін себетін қауіпті құбылыс. Бұл – бір немесе бірнеше адамның жеке бас пайдасы үшін көпшіліктің мүддесіне қарсы жасалатын ауыр қылмыс. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда осы індет біздің ел үшін де өзекті мәселеге айналып отыр. Оған заңды да, арды да тосқауыл құрлы көрмеген кей отандасымыздың қылмысты болып, құрықталып жатқаны дәлел.**

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – ұзақмерзімді талап ететін міндет. Оған жан-жақты, кешенді көзқараспен қарап, ағарту жұмыстары, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы, сондай-ақ әр адамның бұл күреске белсенді араласуы сынды қағидаттар ауадай қажет. Соның бірі – сыбайлас жемқорлыққа қоғамда төзбеушілікті арттыру. Бұл мемлекет, азаматтық қоғам мен медиа өкілдерінің бірлескен күш-жігерін талап ететін кешенді үдеріс. Ең алдымен, сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ететін берік құқықтық және институционалдық негіз қалыптастыру маңызды.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа үнсіз келісу мәдениеті де қауіпті құбылыс ретінде қоғамды іштен ірітіп-шірітіп жібереді. Дегенмен бұл сорақылықты өзгерту үшін ондай өзгерісті әр адам алдымен өзінен, яғни балаларды тәрбиелеуден, отбасындағы жаңа бағыт-бағдар қалыптастырудан және заң мен әділет қоғам өмірінің негізіне айналатын жағдай жасаудан бастау қажет. Тек заңды сақтау мен тәртіпке құрмет көрсету ғана бізді мықты әрі тұрақты қоғамға айналдырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл тек мемлекеттік деңгейдегі міндет емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Тек ортақ күш-жігеріміз арқылы ғана жемқорлықсыз орта қалыптастыра аламыз.

**Сара ҚАПАРОВА,**
**Ақбастау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**

Соңы. Басы 1-бетте

# ЕЛ МҮДДЕСІН БӘРІНЕН БИІК ҚОЙҒАН АЗАМАТ

Тарих беттерін парақтасақ, туған жерге деген шексіз махаббат талай ақынды шабыттандырды, талай батырды жауға қарсы тұрғызды. Бір қолында найза, бір қолында қалам ұстаған Махамбет Өтемісұлы, Шалкиіз, Жиембет сынды өр тұлғалардың өнегелі өмірі бүгінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі.

Осындай азаматтардың жалғасындай болып, бүкіл саналы ғұмырын елдің өркендеуіне арнаған, халықтың сенімінен шығып, адал еңбегімен абырой биігіне көтерілген тұлғалардың бірі – Рүстем Бегалиев.

Ол – қызметтің барлық сатысынан өткен, қарапайым еңбек адамының мектебінен шыңдалған, қай ортада жүрсе де, қарапайымдылығын жоғалтпаған азамат. Оның өмір жолына көз салғанда бір нәрсені анық аңғарасың, әрбір жетістік – маңдай тердің, әрбір марапат – халықтың бағасының көрінісі.

Рүстем Әлішұлы 1956 жылдың 11 наурызында Жамбыл облысы, Бектөбе ауылында дүниеге келген. Әкесі Әліш Бегалиев – маңдай терімен нәпақасын тапқан еңбек адамы болса, анасы Уайдә – он төрт перзентті дүниеге әкеліп, елге өнегелі ұрпақ тәрбиелеген алтын құрсақты ана. Осындай үлкен шаңырақта тәрбиеленген Рүстем Әлішұлы жастайынан үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор болуды бойына сіңіріп өсті. Екі әпкесі Жамал мен Разияны үлгі тұтып, қарындастары Назира мен Күлзираға қорған бола білді.

Қазақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Рүстем Бегалиев бойындағы еңбекқорлық, әділдік, сабырлылық пен адамгершілік қасиеттердің бастауы осы отбасы тәрбиесі еді.

Мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Ұстаздарының сеніміне ие болып, қатарластарының құрметіне бөленді. Арманын арқалап Жамбыл қаласына аттанып, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтына оқуға түседі. 1978 жылы аталған оқу орнын тәмамдап, еңбек жолын Қарағанды облысы Саран қаласындағы нан зауытында қарапайым слесарь болып бастайды.

Нағыз өмір мектебі дәл осы жерден басталды. Қарапайым жұмысшы болып еңбек ету оның жігерін қайрап, мінезін шыңдады. Еңбекқорлығының арқасында аз уақыт ішінде бас механик, инженер-механик, өлшем шебері,



элеватор механигі, механикалық цехтың бастығы қызметтеріне дейін көтерілді.

1984 жылдан бастап Амангелді атындағы колхозда трактор бригадасының бригадирі, МТМ меңгерушісі, кейін бас инженер қызметтерін атқарды.

Еліміз нарықтың қиын кезеңдерін бастан өткерген жылдары да ол еңбек майданынан қол үзген жоқ. «НОДФОС» акционерлік қоғамында түрлі жауапты қызметтер атқарып, өндірістің тоқтап қалмауына үлес қосты.

1996 жылдан бастап «Амангелді» колхозының төрағасы болып сайланып, ауыл шаруашылығын дамытуға бар күш-жігерін жұмсады. Кейін «Агросервис Әулие-Ата» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметінде де нәтижелі еңбек етті.

Ол басшылық еткен жылдары ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбек адамын қолдау, өндірісті дамыту бағытында



көптеген игі бастамаларды жүзеге асыруға атсалысты.

Алайда Рүстем Әлішұлының азаматтық болмысы тек өндіріс саласымен шектелген жоқ. Елдің мұңын мұңдап, халықтың жоғын жоқтап, түйткілді мәселелерді шешуге ұмтылған азамат ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

1999 жылдан бастап бірнеше шақырылымдағы аудандық және облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланып, тұрғындардың аманатын абыроймен орындады.

2012-2021 жылдары Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы ретінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосты. Кейінгі жылдары да қоғамдық жұмыстардан қол үзбей, «Amanat» партиясы жанындағы Партиялық бақылау кеңесінің төрағасы, облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі, ал бүгінде Жамбыл аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы ретінде ел игілігі жолында еңбек етіп келеді.

Адал еңбек ешқашан елеусіз қалмайды. Ел алдындағы еселі еңбегі үшін Рүстем Әлішұлы көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болды. «Парасат» және «Құрмет» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Еңбек даңқы» белгісі, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттары, көптеген мерекелік медальдар, облыс пен аудан әкімдерінің Құрмет грамоталары – оның еңбегіне берілген жоғары бағаның айқын дәлелі.

2019 жылы Рүстем Әлішұлына «Жамбыл облысының Құрметті азаматы» және «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атақтары берілді.

2025 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының Құрметті ардагері атанып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі және Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы қызметкерлері ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Қайраткердің бақыты халқының құрметі десек, Рүстем Әлішұлы сол құрметке адал еңбегімен жеткен азамат.

Ол – өнегелі әке, ардақты ата. Жары Күлбибі Төлегенқызымен бірге үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіріп, бүгінде он екі немеренің қызығын көріп отырған бақытты отбасының тірегі.

Ұл-қыздары да әке жолын жалғап, елге қызмет етіп келеді. Бірі білім саласында, бірі мемлекеттік қызметте, енді бірі кәсіпкерлік бағытында еңбек етіп, қоғамның дамуына үлес қосуда. Әкенің тәрбиесі ұрпағынан көрінеді деген осы.

Рүстем Әлішұлының бүкіл ғұмырына қарап отырып бір нәрсеге көз жеткізесің, ол – мансап қуған адам емес, жауапкершілікті арқалаған азамат.

Өмірде адамды биік ететін – лауазым емес, халықтың сенімі. Ел сенімін ақтау – кез келгеннің қолынан келе бермейтін қасиет. Бүгінде ел ағасына айналған Рүстем Әлішұлының жүріп өткен жолы – жас буынға тағылым, еңбек адамдарының жарқын үлгісі.



Халық даналығы «Еңбек ер атандырады» дейді. Расында да, қарапайым инженер-механиктен ауданның абыройлы ақсақалына дейінгі өмір жолы – табандылықтың, адалдықтың, еңбекқорлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің шынайы көрінісі.

Өмір – артта қалдырған ізіңмен өлшенеді. Рүстем аға өшпес ізі, өлмес өнегесі бар азаматтардың қатарынан орын алады.

Ардың жүгін арқалаған ардақты азаматқа зор денсаулық, отбасы амандығын, ұзақ ғұмыр тілейміз. Елдің игілігі жолындағы еңбегі әрдайым жас ұрпаққа шамшырақ болып, өнегесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін.



ŞŪĞYLA-RADUGA
8 (72633) 2-17-98

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Şūğyla-Raduga» газеті редакциясына хабарлассаңыздар болады

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Жамбыл ауданы, Гродеково ауылы, Жамбыл көшесі 90-үйдің тұрғыны Акрамов Алиаскар Ганиулының атындағы ULAR BM250-H1 маркалы көліктің 27 BV 08 мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

**Директор:**
**Айман ТЛЕУКЕЕВА**

**Бас редактор:**
**Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ**

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

| | | |
|---|---|---|
| **Бас редактордың орынбасары:** | Мақсат ЖҰМАБАЕВ | 87059774177 |
| **Жауапты хатшы:** | Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ | 87474240395 |
| **Тілшілер:** | Шұғыла АҚШАБАЙ | 87770284244 |
| **Дизайнер-теруші:** | Ғалия АЛИЕВА | 87075853423 |
| **Бас редактордың орынбасары:** | 2-20-24 | |
| **Тілшілер:** | 2-13-44 | |

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240**

*Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.*

*Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.*

Таралымы 1946 Тапсырыс №508

**Нөмірдің кезекшісі:** Шұғыла АҚШАБАЙ

*Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады.*
*Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.*

**Индекс: 68991**

***Электронды пошта:***
***sugyla@bk.ru***

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.